

УДК 631.152.4

ОТАНДЫҚ ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНІМ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ НАРЫҒЫНА ШЫҒУ АЛГОРИТМІН ЗЕРТТЕУ

Алина Аякоз Жолаткызы


kakoz93@mail.ru

«Стандарттау және сертификаттау» мамандығының 2 курс магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, ҚР, Нұр-Сұлтан қ.
Ғылыми жетекші - т.ғ.к., доцент Ф.Р.Ермаханова

Органикалық өндіріс – тұтынушылардың өнімге деген артып келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жоғары деңгейдегі стандартты қолдану, табиғи ресурстарды сақтау, биоалуантүрлілікті арттыруға және табиғатты қорғауға бағытталған әрекеттерді ұштастыратын тағам өнімдердің өндірісін және шаруашылықты басқарудың жалпы жүйесі. Осылайша органикалық өнім өндірісі қосалқы рөлді жүзеге асырады, біріншіден органикалық өнімдерге деген сұранысқа жауап беретін белгіленген нарықты қалыптастыру, екіншіден ауылды мекендерді дамытуға, қоршаған ортаны қорғауға оң әсер ететін қолжетімді тауарларды жеткізу болып табылады.[1]

Органикалық өсімдік шаруашылығын жүргізу барысында минералды азотты тыңайтқыштарды, өсуді синтетикалық реттегіштерді, синтетикалық бояуларды, полихлорид негізіндегі материалдарды, синтетикалық гербицидтерді, фунгицидтерді, инсектицидтерді және пестицидтерді пайдануға тиым салынады.

Соңғы жылдары ЕО органикалық ауыл шаруашылығының қарқынды дамуы органикалық өндіріске тартылған жер аудандарының көбеюімен сипатталады 1-суретте көрсетілгендей.[2]



1 сурет - Еуропада органикалық ауыл шаруашылыққа бөлінген аудандардың динамикасы, 2000-2014 жылдар.

Бүгінгі таңда Еуропалық Одақ (бұдан әрі ЕО) мемлекеттерінде органикалық өнімдердің өндірісін және айналымын реттейтін №834/2007 ЕО Регламенті әрекет етеді. Органикалық сектордың жалдам дамуының эволюциясын, №834/2007 ЕО Регламенті талаптарын қолдану кезінде алынған тәжірибені ескере отырып, Еуропалық Одақ Комиссиясы жаңа талаптарды енгізу керектігін белгіледі.

Еуропалық Одақ Кеңесі органикалық өнім өндірісін және айналымын реттеуге арналған 2018 жылғы 30 мамырдағы №848 регламентін бекітті. Еуропалық парламент пен одақтың №848/2018 регламенті 2021 жылдың 1 қаңтарында күшіне енеді. Бұл заңнамалық құжатты қабылдау:

- тұтынушылардың жоғары күтулерін қанағаттандыруға;
- тұтынушылардың сенімділігін арттыруға;
- әділ бәсекелестікті қалыптастыруға бағытталған[3].

Жаңа бекітілген регламентте Еуропалық Одаққа органикалық өнімді импорттаудың 2 жүйесі болады.

Сауда келісім шарттары: қазіргі кезде баламдылығы танылған үшінші мемлекеттер жаңа бекітілген құжатқа сәйкес сауда келісім шарттарын қайта қарауға қажеттілігі пайда болды. Ағымды жүйеге сәйкес он үш мемлекет танылған: Аргентина, Австралия, Канада, Чили, Коста-Рика, Индия, Израиль, Япония, Республика Корея, Швейцария, Тунис, Соединенные Штаты Америки и Новая Зеландия;

Сәйкестікті растау: сауда келісім шарттары болмаған жағдайда Еуропалық Одақ кеңесі үшінші мемлекеттерде сәйкестікті растауды және бақылауды жүзеге асыруға рұқсат берілген, мойындалған бақылаушы органдардың тізімін бекітеді 1-кесте. Еуропалық Одақты Реттеу жұмысы ЕО шеңберінде және одан тыс бірдей талаптармен өтеді.

1-кесте

Қазақстан Республикасында өндірілетін органикалық өнімдердің өндірісінің сәйкестігін растау мақсатында танылған бақылаушы органдар [4].

№	Сәйкестікті растаушы орган	Мемлекет	Код номері	Өнімнің категориясы					
				A	B	C	D	E	F
1	«A CERT European Organization for Certification S.A.»	Greece	KZ-BIO-171	x	-	-	x	-	-
2	«Agreco R.F. Göderz GmbH»	Germany	KZ-BIO-151	x	x	-	x	-	-
3	«Bio.inspecta AG»	Switzerland	KZ-BIO-161	x	-	-	x	-	-
4	«CCPB Srl»	Italy	KZ-BIO-102	x	-	-	x	x	-
5	«CERES Certification of	Germany	KZ-BIO-140	x	-	-	x	-	-

Импорттық қызметін сертификаттаған өндіруші Еуропалық Комиссия бекіткен Сауданы бақылау және сараптау жүйесінде ЕО органикалық өнім импорттаушысы ретінде тіркеледі (TRACES – Trade control and Expert System). Бұл қадамнан соң импорттаушы инспекция сертификатын TRACES жүйесінде электронды түрде сәйкестікті растау органы, партияны жіберген құзыретті орган мен қабылдаушының қолын алу арқылы рәсімдейді.

№889/2008 ЕО Регламентінің 84 бабының 1 тармағына сәйкес Одақтың территориясына жіберілетін әр партия туралы Экспорттаушы уақтылы бақылаушы органды немесе сәйкестікті растау органдарына келесі ақпараттарды хабарлауы міндетті:

- ✓ қабылдаушының аты мен мекен-жайы,
- ✓ дұрыс бақылауды жүзеге асыруға қажетті сәйкестікті растау органы сұраған барлық мәліметтер.

Кеденде өндірушілердің келесі құжаттарын тексереді:

- ✓ Инспекция сертификаты(certificate of inspection);
- ✓ Кедендік декларациялау құжаты;
- ✓ Транспорттық құжаттар;
- ✓ Қабылдаушы туралы толық ақпарат (мекен-жайы, атауы, сәйкестік сертификаттары)[5].

Кеденде ЕО Регламентінің №691/2013 Талдауға сынаманы іріктеу әдісіне сәйкес әр партиядан белгіленген зиянды заттардың болуына зерттеуді аккредиттелген зертхана жүргізеді. Әр үлгіні іріктеу есебінде жүкті идентификаттауға мүмкіндік беретін келесі ақпараттарды қамтиды: партия номері, инспекция сертификатының номері. Пестицидтердің немесе басқа зиянды заттардың болуы анықталған жағдайда №625/2017 ЕО Регламентіне сәйкес тексеріс басталып, органикалық ауыл шаруашылығы Комиссиясының электронды жүйесі OFIS-те хабарландырылу жарияланады.

Қазақстан мен Еуропалық Одақ мемлекеттері арасындағы екіжақты экономикалық қарым-қатынастың дамуы тек сауда көлемінің артуын ғана көздемейді, әлімдік сауда талаптары мен жағдайының қарқынды өзгеруі Қазақстанның өзінің басты сауда әріптестерінің нормативтік-құқықтық реттеу механизмдерін мұқият зерттеуді талап етеді. Айтылған жайтты ескере отырып, мақалада Еуропалық Одақ Мемлекеттерінің отандық өндірушілерге өз органика өнімдерін экспорттау мақсатында жасайтын негізгі сатылары көрсетілген, Еуропалық Одақ Комиссиясы бекіткен үшінші мемлекетте органикалық өнімнің сәйкестігін растауға рұқсат берілген бақылаушы органдардың тізілімі және басшылыққа алынатын негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар айқындалған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. МорджераЭ., БуллонКароК., Марин Дюран Г. Органическое сельское хозяйствоиправо.-Рим :Продовольственная и сельскохозяйственная организация объединенных наций, 2015. – 2 б.

2. Международная федерация движений экологического сельского хозяйства IFOAM [Электрон. ресурс],-год.-URL:<https://test.org.ua/usefulinfo/food/info/63>

3.2018 жылғы 30 мамырдағы №848/2018 Еуропалық Одақ Кеңесінің Регламенті

4. 2008 жылғы 8 желтоқсанғы № 1235/2008 Еуропалық Одақ Кеңесінің Регламенті

5.«Guidelineson additional official controls on products originating from Ukraine, Kazakhstan, Moldovaand Russian Federation» European Commission directorate-general for agriculture and rural development, 2018.